



## ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМГЕ ӨМІРІН АРНАҒАН ТАБЫСТЫ ТҰЛҒА – ЭЛЬМИРА АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ

**Кошанова Гулаш Рахметқызы**  
Ш.Есенов атындағы КТИУ, «Іргелі  
ғылымдар» кафедрасының профессоры

Абдыкеримова Эльмира Алтынбекқызы 1974 жылы 12 тамызда Жамбыл облысы, Мерке ауданында туылған, ұлты қазақ, жоғары білімді.

1991 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті физика-математика факультетінің «Физика және информатика» мамандығына оқуға түсіп, оны 1996 жылы «үздік» дипломмен бітіріп, «Физика және информатика пәнінің оқытушысы» квалификациясы берілген.

1997 жылдың 1-ші желтоқсанында Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің «Информатика және қолданбалы математика» кафедрасына күндізгі оқу бөлімінің аспирантурасына қабылданып, 2001 жылы бітірген. «Компьютерлік модельдеудің негізінде мектеп физикасын оқытудың әдістемесі» тақырыбында зерттеулер жүргізіп, 2004 жылы кандидаттық диссертация қорғаған. Ғылыми дәрежесі - педагогика ғылымдарының кандидаты (13.00.02 – Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі). Ғылыми атағы – педагогика мамандығы бойынша доцент (қауымдастырылған профессор), 2009 жылы атағын алды. 2025 жылы 50300 – «Білім беру» ғылыми бағыты бойынша профессор атағын алды.

2008 жылдан бері осы университетте доцент, профессор болып қызмет жасап келеді.

Эльмира Алтынбекқызы 170-тен аса ғылыми жұмыс жариялады, оның ішінде соңғы 5 жылда: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 34 мақала; Web of Science, Scopus компаниясының базаларына кіретін ғылыми журналдарда 13 мақала, оның ішінде 7 мақала кемінде 51 процентильмен жариялаған. 4 монография және 9 оқу құралы Есенов университетінің Ғылыми кеңесінің шешімімен басылымға ұсынылып, оқу үдерісіне енгізілген. Оның ішінде 1 оқу құралы Абай атындағы ҚазҰПУ базасында РУМС «Білім беру» мамандықтар тобы бойынша ОӘК шешімімен басылымға ұсынылған. 4 электронды оқулық Есенов университетінің Ғылыми кеңесінің шешімімен оқу үдерісіне енгізілген; шетелдік журналдарда 11 мақала; Қазақстан Республикасының басқа ғылыми басылымдарында 19 мақала; алыс және жақын шет елдердің халықаралық



конференцияларында 9 мақала; Халықаралық және отандық конференциялар материалдарында 46 мақала жариялаған; 14 авторлық куәлік алған.

Оның ғылыми қызығушылықтары - педагогика, информатика мен физиканы оқыту әдістемесі, жоғары және орта білім берудің дидактикасы, үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің әдіснамасы мен даму стратегиясы.

Э.А. Абдыкеримованың басшылығымен республикалық, халықаралық конкурстардың, олимпиадалардың жүлдегерлері дайындалған:

- «I Халықаралық Есенов оқулары» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасы аясында өткізілетін «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», 3 орын, 5B011100-Информатика білім беру бағдарламасының студенті Наурызбаева Г., 18-19 қазан 2018 ж., Ақтау

- «6B01501-Информатика» білім беру бағдарламасы бойынша ЖОО студенттері арасында ғылыми-зерттеу жұмыстарының Республикалық конкурсында III орын. Студенттер Медет М. Н., Талапов А. Р., 2022 ж.

- Оқушылар мен студенттердің «Ғылыми көзқарас: идеялар, зерттеулер, инновациялар» атты V Республикалық ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауында I орын. «ZIAT» ғылыми-әдістемелік орталығы, Амангос Е. Б., 30.09.2022.

- Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының студенттері арасында «IT STARTUP» республикалық ғылыми жобалар конкурсы, I дәрежелі диплом. Дюсебаев Д. А., Рзаханов Д.М., 6B01503 – Информатика білім беру бағдарламасы бойынша, 3 курс. 27 наурыз, 2023 жыл

- «Үлкен Ғылымға алғашқы қадам» халықаралық ғылыми-зерттеу байқауында I орын. Чирчикбаев Н.Б., 6B01503 – Информатика білім беру бағдарламасы бойынша, 4 курс. Ресей Федерациясы., Пенза қ., 05.11.2023.

- Third Degree Diploma. The 2023 ICPC Kazakhstan Subregion Contest (Четвертьфинал чемпионата мира по программированию ICPC 2023 года). Abdrahi Dimash, Tuzel Ulan, Akikat Kalifa. Atyrau University, 05.11.2023

- «Студенттік ғылым әлемі» Халықаралық ғылыми-зерттеу байқауында I орын. Дюсебаев Д. А., 6B01503-Информатика білім беру бағдарламасы бойынша, 4 курс. Ресей Федерациясы., Пенза қ., 10.11.2023.

- «Ғылым – Маңғыстау өңірінің орнықты дамуының негізі» ғылым шеңберінде өткізілген «Өнертапқыштар және олардың өнертабыстары» студенттік ғылыми жұмыс конкурсында техникалық бағыт бойынша I орын. Дюсебаев Д. А., 6B01503-Информатика білім беру бағдарламасы бойынша, 4 курс. Ақтау, 2024.



Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ 2025 жылдың 25 сәуір күні өтетін «B011 – Информатика мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалары тобы бойынша ҚР Жоғары оқу орындарының студенттері арасында Республикалық пәндік олимпиадаға студенттер дайындап, 3 дәрежелі дипломмен марапатталды.

Оқу үдерісінде студенттердің білім сапасын көтеру мақсатында жаңа ақпараттық технологияны кең пайдаланады. Бағдарламалық қамтамасыз етудегі кез келген өзгерістерді қиындықсыз меңгереді. Кәсіби деңгейлерін ұдайы арттырып отырады.

Біліктіліктерін көтеру мақсатында әр түрлі курстарға қатысып, өз біліктіліктерін жиі көтеріп отырады. Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасы негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы бойынша тренерлерді оқыту курсы, ЖОО химия және информатика оқытушыларына ағылшын тілін жеделдете оқыту, жаңартылған білім беру мазмұны аясындағы жоғары оқу орындарындағы заманауи педагогикалық технологиялар бағдарламасы бойынша оқыту курсы, Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша курстарын оқып, сертификаттар алған. Coursera платформасы арқылы әлемдегі ең беделді университеттердің бірнеше курстарын оқып, сертификаттар алған. Цифрландыру саласында үйренген білімі мен тәжірибесін ел игілігіне қолдануға дайын.

Басты қасиеттерінің бірі – тек қана алға ұмтылуы, ерінбей еңбек етіп, өздерінің де, тәлім беріп жүрген студенттерінің де деңгейін үнемі үздіксіз жоғарылатып отыруы. Заман талаптарына, оқу бағдарламаларындағы өзгерістерге сай жаңа технологияларды оқып, үйреніп, жоғары оқу орнында дәріс алатын, ертеңгі ел болашағы – студенттердің білім деңгейін үздіксіз жоғарылатуға атсалысуда. Олардың сабақтан бөлек уақытта мамандықтарын жете меңгеруіне, өзге де қоғамдық жұмыстар атқаруына көмектесіп, ақпараттар мен жаңалықтарға толы заманауи ортадан тыс қалмауына кеңестер беріп келеді. Білім көгіне қол созған сайын арман аясы кеңейе беретініне сендіріп, ақыл, тәжірибесін аямай, әділетті, шыншыл болуға шақырып, жас ұрпаққа жол сілтеп отырады.



Қазіргі таңда ғылым мен техниканың даму деңгейіне сай білімі терең, іскер де қабілетті тұлғалар қалыптасуға білім алар ортаның жайлылығы мен заманауи жаңарту қадамдарымен жоғары деңгейде алға қарыштап дамуы құптарлық іс.

Қазіргі таңдағы жаңа бағытқа бет алған білім беру саласының талабына сай талантты жастың рухани көзін ашып, қоғам алдындағы парызын ұғындырып, адамгершілігі мол, қабілетті ұрпақ тәрбиелеуде бар мүмкіндіктерін, күш-жігерлерін жұмсап, қызмет етіп жүрген білікті мамандар.

Мінезі ашық, іскер, әріптестеріне, студенттерге мейіріммен қарайды, ұйымдастырушылық қабілеттері жоғары. Өз жұмыстарына ынталы, адамдармен тез тіл табыса біледі, ұжым арасында сыйлы және олардың зор ықыласына бөленген. Атқаратын қызметіне лайықты, жауапкершілігі жоғары.

Университет, факультет көлемінде жүргізілген қоғамдық, мәдени шараларға және университеттің түрлі бағыттағы жұмыстарына белсене араласады. Білім беру жүйесін дамытуға қосқан зор жеке үлесі үшін алғыс хатармен марапатталған:

- Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің дамуына қосқан зор жеке үлесі үшін алғысымен. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Астана, 2017 ж.;

- 2019-2020 оқу жылының қорытындысы бойынша оқу, ғылыми және тәрбие жұмыстарының орындалуында жеткен жетістіктері үшін алғысымен. КУТИ. Ақтау, 2020 ж.;

- Ш. Есенов атындағы КУТИ ректорының университеттің 45 жылдығына арналған медалімен 2022 ж.;

- Ш. Есенов атындағы КУТИ президентінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған, 2022 ж.;

- Ш. Есенов атындағы КУТИ президентінің медалімен марапатталған, 2023 ж.;

- «Маңғыстау өңірінің тұрақты дамуының негізі – Ғылым» атты ғылым апталығы аясында өткізілген «YU Үздік ғылыми қызметкер» байқауының жеңімпазы, 2024 ж.;

- 2025 жылы «Ғылым күніне орай» «Ғылымға қосқан зор үлесі» медалімен марапатталды.

- Хирш индексі – 2 (Web of Science);

- Хирш индексі – 3 (Scopus).



Эльмира «Адал еңбек – жақсы тәрбиенің негізі», - деген аталы сөзді іс жүзінде жүзеге асыруда. Сондықтан болар, олар кандидаттық диссертация қорғап, үзбей еңбек етіп, балаларының жоғарғы білім алуына мүмкіндік жасауда. Қос ғалымның тәрбиелеп отырған ұл мен қызы Ақтаудағы өз университетіміз КТИУ-нің студенттері. Сүйікті әке, абзал ана, тәлімгер ұстаздары, әріптестері, оқу ордасының ұжымы мен шәкірттері де оларды әрқашан үлгі тұтады.

Адамдықтың туын биік ұстайтын, жаны жайсаң, әрқашан жүздерінен жылылық шуағы ескен, әрбір сөздерінен салиқалы сабырлылық лебі сезілетін, қай іске болсын үлкен ынтамен қарайтын, үлкенді құрметтей, кішіні қадірлей білетін үлкен жүректі жандарға мықты денсаулық, еңбектеріне табыстар, қашанда биіктерден көріне беруін тілеймін.

Сіздің терең біліміңіз, биік адамгершілік қасиетіңіз бен кәсіби шеберлігіңіз көптеген жастарға үлгі, әріптестеріңізге – мақтаныш. Сіз ғылымға жан-тәнімен берілген, жаңашыл ойларымен ел дамуына серпін беріп жүрген дара тұлғасыз. Алдағы уақытта да жаңа белестерден көрініп, тың жетістіктерге жете беруіңізге тілектеспіз. Сізге мықты денсаулық, сарқылмас шабыт және сәттілік серік болсын! Ғылыми еңбектеріңіз бен ізденістеріңіз ел игілігіне жарай берсін!